

ГЕОГРАФИ

географияда пәнаралық байланыс кеңінен жүзеге асырылады

Я География бүгінде өте өзекті және сұранысқа ие пән болып табылады.

Әлемдегі барлық елдердің экономикасы және осы әлемдегі бүгінгі саяси оқиғалар географиямен тығыз байланысты.



Әлемдегі барлық елдердің экономикасы және осы әлемдегі бүгінгі саяси оқиғалар да географиямен тығыз байланысты

Бізге, география мұғалімдеріне бұл әлемді өскелең ұрпаққа ашу үлкен жауапкершілік жүктейді

География ғылымының зерттелетін мәселелер жеткілікті- зерттеушілерін күтуде



Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және жетістікке жетудің басты қадамы, оқушы үшін ғылым әлемінің терезесі бола алатын тынымсыз жұмыс - ол мектеп оқушыларының пәндік олимпиадалары.

**ПӘНДІК
ОЛИМПИАДА**



ГЕОГРАФИЯ

Көбінесе оқушылардың олимпиадалары дарынды балалардың жеке танымдық қабілеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және олимпиаданың ең үздік оқушылары студенттік өмір баспалдағына дүниетанымы кең, ой-өрісі дамыған баланы әкелетін бірден бір жолы ретінде танылады.

Өскелең ұрпақтың географиялық зерттеулерге деген белсенді қызығушылығын ынталандыру ретіндегі пәндік олимпиаданың ролі

География пәнінен пәндік олимпиаданы жетілдіру және оған шын мәнінде талантты және дайындалған балалардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында **Нұр –сұлтан қаласы әкімдігінің "Астана дарыны"** дарындылығын дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының бастамасымен осы жылдың көктемінде қалалық және республикалық олимпиадаларда жеңімпаз оқушыларын тәрбиелеген ұстаздардың арасынан елорда мектептерінің **география пәні мұғалімдерінің қауымдастығын** құруға бастамашылық жасап, география пәні бойынша олимпиаданың міндеттері мен мақсаттарын, кездесетін кедергілерін атап өтті.



**География пәні
ұстаздары
Қауымдастығы**



Жаңа олимпиаданың мақсаты

жас ұрпақтың оқу қызығушылығын ынталандыру, география пәнін тереңдетіп оқуға қызығушылығын арттыру, ғылыми географиялық зерттеуге арналған қабілеттерін ашу

Мерзімі: 2021-2022 оқу жылының қазан-ақпан айлары

Тапсырмалары туралы: Аудандық және қалалық деңгейдегі олимпиада тапсырмаларын қалыптастыру үшін ресурстардың бірі ретінде **National Geographic Kazakhstan** басылымдарының материалдарын соңғы 3 жылда пайдалану мүмкіндігі қарастырылуда. Жаңа олимпиада тапсырмаларының деңгейі **Б. Блум** бойынша танымдық саладағы педагогикалық мақсаттардың **таксономиясына** сәйкес келеді.

Географияда пәнаралық байланыс кеңінен жүзеге асырылады. Олимпиаданың тапсырмалары белгілі бір сынып курсының мазмұнына қана сәйкес келмейді, жас ерекшеліктерін ескеріле отырып, функционалдық сауаттылығын кеңінен арттыруға арналған тапсырмалар қарастыруда. Олимпиада өту барысында оқушылар бұл зерттеу дағдыларын дамыту тапсырмалары туралы мәліметтерді мен қажетті ақпараттарды әртүрлі дерек көздерден қарастыру мақсатындағы тапсырмалар әзірленеді (PISA тапсырмалары үлгісінде), және де тест түріндегі, кейс, практикалық тапсырмалар, деңгейіне байланысты күрделене беретін тапсырмалар



Қазақстанның соңғы жылдардағы PISA зерттеулерінің деректері бойынша онша жоғары емес рейтингі біздің балаларымыздың нақты жағдайларға жақындатылған міндеттерді шешу, міндеттерді шешудің баламалы тәсілдерін іздеу, зерттеулер жүргізу кезінде қолда бар Пәндік білім мен дағдыларды қолдану қабілетінің жеткіліксіз қалыптасқандығын көрсетеді. Бүгінгі таңда барлық пәндер бойынша оқу бағдарламасы осындай мәселелерді шешуге бағытталған. Олимпиадаға қатысу үшін бүгінде мектептерде дарынды жастарға қолдау көрсету стратегиясын жетілдіруіміз тиіс. Мұның бір жолы-оқушылардың мектептегі түрлі олимпиадаларға дайындалуы мен қатысуына жағдай жасау.

Олимпиада



1-ші кезең Мектепшілік олимпиада кезеңі

"Астана дарыны" орталығының жоспары бойынша жаңа олимпиадаға қатысу үшін ағымдағы оқу жылының **қыркүйек айының бірінші жартысында мектептерде барлық сыныптар арасында алдын ала іріктеу жүргізіп, үміткерлерді іріктеу қажет.** Соған байланысты, қыркүйек айында мектепте іріктеу кезеңін өткізілуі керектігін хабарлайды.

Мерзімі: 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айының бірінші жартысында (Жаңа олимпиаданың лайықты қатысушыларын анықтау үшін олимпиаданың мектеп турын екі-үш кезеңде өткізуге болады).



Ұсыныстар :

Іріктеу турын өткізу кезіңі БАРЫСЫНДА:

- барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктер атмосферасын құру жағдайын ескеру, сонымен бірге мүмкіндігінше көп оқушыларды қатыстыруға тарту міндетін қойыңыз;
- іріктеу кезеңінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс, яғни жасы бірдей оқушылар бір топта болуын қамтамасыз ету.

Іріктеу турын өткізу кезінде:

- іріктеу кезеңдері бір жастағы оқушылар арасында өткізілуі тиіс;
- мектеп кезеңінің барлық турлары үшін олимпиадалық тапсырмаларды алдын ала әзірлеу;
- Олимпиаданың бірінші кезеңде анағұрлым қолжетімді және іріктеу турының келесі кезеңдеріне күрделендіре түсетін тапсырмаларды қосу қажет.

Үміткерлерді іріктегеннен кейін география пәнінің мұғалімдері:

- олимпиаданың аудандық және қалалық кезеңдеріне қатысу үшін іріктелген үміткерлерді жоспарлы, жүйелі түрде дайындау;
- олимпиадалық резервтегі мұғалімнің жұмыс жоспарына сәйкес олимпиадашыларды дайындау бойынша ғылыми-әдістемелік базаны қалыптастыру;
- олимпиадаға дайындықтың барлық кезеңінде дарынды жастарды қолдау бойынша шараларды қамтамасыз ету (өткен олимпиадалардың жеңімпаздарын, шақырылған мамандарды және т. б. тартуға болады);
- мектепте олимпиадаларға дайындық жүйесін қарастыру: қарқындылық, сабақтан тыс дайындыққа уақыт бөлу мүмкіндігі.

Ұсыныстар ретінде: олимпиадаға қатысатын дарынды және белсенді балаларды даярлау мақсатында мектептегі құрылған ұйымдарға мүше болу

- ~~Балаларды олимпиадаға дайындау~~ ісінде жүйелі жұмысты неғұрлым тиімді ұйымдастыру үшін мектепте география орталығын, мектепшілік географиялық қоғамдастықты қалыптастыру ұсынылады немесе оны **"Жас географтар клубы"**, **"супер географтар клубы"** немесе **"Олимпиада орталығы"** деп атауға болады, оған география пәнінен жоғары нәтижелер көрсететін оқушылар кіре алады. Осы клубқа немесе қауымдастыққа кіру дарынды және талантты балалардың мақсатына айналуы тиіс.





Күтілетін нәтижелер:

тұрақты даму Тұжырымдамасы



Олимпиада жеңімпаздары - Қазақстандағы география ғылымының ғылыми әлеуетінің жеке тұлғалы үміткерлері болып табылады.

Жаңа олимпиаданың нәтижелі болуы - жаңа бастаманың жеңімпаздарының басқа да және халықаралық олимпиадаларға қатысудың жаңа мүмкіндігіне ие болуы.

География үлкен білім беру құндылығына ие және олимпиадалық қозғалыс елдің **тұрақты даму Тұжырымдамасының** қағидаларын насихаттауға өз үлесін қосады.